

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған С.Н.Әліпбекованың «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

С.Н.Әліпбекованың «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми негіздеу» атты диссертациялық жұмысы еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері, атап айтқанда аурушаңдық көрсеткіштерін төмендетуге және одан туындайтын әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға арналған.

Докторанттың ғылыми жұмысында Түркістан облысы аудандарында еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында қалыптасқан денсаулық көрсеткіштерінің деңгейі мен құрамына сай жүзеге асырылатын нақты профилактикалық бағдарламалардың моделі құрастырылды. Модельді Түркістан тәжірибеге енгізу аурушаңдық көрсеткіштерін төмендетуге мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, аталған мәселенің қазіргі таңдағы ахуалына шолудан, зерттеу әдіснамасынан, жеке зерттеуден, тұжырым, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Кіріспе бөлімінде жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігі толық анықталып, мақсаттар қойылып, зерттеу міндеті анықталып, сондай-ақ ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген.

Зерттелетін мәселе бойынша отандық және шетелдік әдебиеттердің 121 дереккөзін талдай отырып, еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың денсаулық жағдайын жетілдіру қажеттілігін дәйекті дәлелдеген. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін талдап, математикалық-статистикалық өңдеу жасады.

Аталған жұмыс сөзсіз тәжірибелік маңызға ие және оның нәтижелері еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру құралы ретінде қолданыла алады.

С.Н.Әліпбекованың диссертациялық жұмысы берілген міндеттерді шешудің жаңа нақты шешімдерін қамтитын, аяқталған дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

С.Н.Әліпбекова жүргізген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті меңгергенін, терең ғылыми ізденістер жүргізу дайындығының жоғары деңгейде екендігін аңғартады.

Диссертация материалдары бойынша жалпы 11 ғылыми еңбек, оның ішінде Scopus компаниясының деректер қорына кіретін халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала жарияланды.

Аталған ғылыми зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен мақұлдаймын және оның авторы Әліпбекова Сандуғаш Нұрлыбекқызы 6D110200 –

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға, диссертациялық жұмысты Диссертациялық кеңесте ресми түрде қорғауға ұсынуға лайықты деп санаймын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ - түрік  
университеті, Жоғары медициналық  
білімнен кейінгі білім беру институтының  
«Ішкі аурулар» кафедрасының  
профессоры, м.ғ.д.



М.А.Булешов

